

SikaTile-700

ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Жапсарларды толтыруға арналған екікомпонентті, эпоксид негізіндегі шайыр

СИПАТТАМАСЫ

SikaTile-700 химиялық төзімді тақталарды төсеу үшін және жапсарларды бітеу үшін қолданылады

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

- Сыртқы және ішкі қолдануға арналған
- Көлденең және тік беттерге арналған
- Жапсарларды бітеу және химиялық төзімді (қышқылға төзімді) керамика, шыны мозаика және шыны тақталар, клинкер тақталары, мәрмәр, гранит төсеу кезінде химиялық тұрақтылық пен суға төзімділікке қол жеткізу үшін.
- Негіздердің келесі түрлерінде қолданылады: цемент сылақ, цемент негізіндегі төсем, бетон.
- Сүт зауыттарында, сыра қайнату зауыттарында, ірімшік зауыттарында, йогурт, шырын, томат пастасы, алкоголь және алкогольсіз сусындар өндіру зауыттарында, фабрикаларда, ет комбинаттарында, май комбинаттарында, аккумуляторлық бөлме-жайларда, гальваникалық цехтарда, бояу және ағарту цехтарында, тері өңдеу цехтарында, қағаз фабрикаларында, зертханалар мен ауруханаларда, кондитерлік фабрикаларда керамикалық жабындар жасау үшін.
- Сауналарда, хауыздарда, душтарда, сауықтыру мекемелерінде, СПА-орталықтарда, сауда орталықтарында керамикалық жабындарды төсеу және жапсарларды бітеу үшін.
- Әкімшілік ғимараттардағы, қонақ үйлердегі, дәретханалардағы, асүйлердегі, сарқынды су арналарындағы, тазарту құрылыстарындағы, мұзға қарсы реагенттермен өңделетін сатылардағы керамикалық жабындар үшін.

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Химиялық төзімді, көптеген қышқылдардың, сілтілердің, майлардың және қатты майлардың әсеріне төзімді.
- Бактерияға қарсы қасиеттері бар, саңырауқұлақтардың, көгерудің және бактериялардың әсеріне қарсы тұрады
- Бу және су өткізбейді, су мен будың әсеріне сезімтал жабындарды қорғайды.
- Тозуға төзімді, механикалық әсерге төзімді, бу машинасымен тазалануы мүмкін.
- Жарықтар пайда болмай және шөгусіз қатаяды, негізге және тақтаға жақсы жабысады
- Аязға төзімді, үйдің ішінде және сыртында қолдануға әмбебап.
- Икемді материал, қолдануға оңай, ені 2-ден 10 мм-ге дейінгі жапсарларды бітеуге арналған.
- Тегіс, іс жүзінде тесіктері жоқ бет түзеді, оңай жуылады
- SikaTile-700 құрамында тек ұсақ түйіршікті толтырғыштар бар, кварц толтырғыштарына байланысты инъекция,

батыру әдісімен немесе жапсарлау әдісімен (жапсарларды бітеуге арналған құралдың көмегімен) қолдануға болады

- SikaTile-700 құрамында толтырғыштары бар тұтқыр полимерлер мен қатайтқыш бар, қоспаларды қолдану қажет емес.
- TS EN 12004-ке сәйкес R2T-ға, TS EN 13888-ге сәйкес RG-ға сай келеді.
- Ауыз суы бар резервуарларда тақта төсеу кезінде қолдануға болады.
- Жоғары температуралардың аз уақытқа әсеріне шыдайды.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ. ТАҚТАЛАРДЫ ТӨСЕУ

Негіз таза, құрғақ, тегіс және берік болуы керек. Желімнің, бояудың, цемент сұйығының қалдықтары және басқа да ластанулар беттен мұқият алып тасталуы керек. Майлы дақтарды, парафинді, мұнайды, майларды PCI Entöler тазартқышының көмегімен кетіруге болады. Цемент төсеміндегі қалдық ылғалдылық мөлшері 4%-дан аспауы керек. Егер негізде ылғалдылық жоғарыласа, жапсарларды бітеу үшін ерітіндіні қолданбаңыз. Қажет болса, негіз механикалық түрде тегістелуі керек.

ЖАПСАРЛАРДЫ БІТЕУ

Жапсарлар таза, құрғақ болуы керек. Шаңды, майлы дақтарды және басқа да ластанушы заттарды беттен мұқият алып тастау керек. Керамикалық тақтаны төсегеннен кейін жапсарларды тазарту керек және олар бітеп тегістеу кезінде құрғақ болуы керек.

ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қорғаныс көзәйнектерін және қолғаптарды киіңіз!

SikaTile-700 ДАЙЫНДАУ

Қатайтқыш пен негізгі компоненттерді араластырғышпен немесе төмен айналымды бұрғымен (минутына 400-600 айналым) біртекті масса алынғанша шамамен 3 минут бойы мұқият араластырыңыз. Алынған массаны қалақшаның көмегімен таза ыдысқа салыңыз және қайтадан араластырыңыз. Қаптаманың бір бөлігін ғана пайдаланған жағдайда, 1-компоненттің 2-компонентке қатынасы 100 / 5 (салмағы бойынша) болуы керек.

ТАҚТАЛАРДЫ ТӨСЕУ

1. Ерітіндінің жұқа жанасу қабатын бетке қалақшамен, оны келесі қабатқа оңай жағу үшін өткір бұрышпен ұстап тұрып жағыңыз.
2. Жаңа төселген жанасу қабатына кельманың көмегімен SikaTile-700-дің негізгі қабатын жағыңыз. Желім қатып қалғанға дейін тақталарды дұрыс орналастыруға үлгеру үшін қажетті ерітіндінің мөлшерін ғана қолданыңыз.
3. Тақталардың қажетті орналасуы мен туралануы оларды

жеңіл басу және оларды сәйкесінше жылжыту арқылы жүзеге асырылады.

ТЕГІСТЕУ ӘДІСІМЕН ЖАПСАРЛАРДЫ БІТЕУ

Дайындалған ерітіндіні керамикалық жабынға жағыңыз және резеңке қалақшамен тақтаның диагоналі бойымен айналмалы қимылдармен жапсарларды бітеп тегістеңіз. Шамамен 15-30 минуттан кейін бетті жылы суға малынған қатты губкамен тазалаңыз. Тазалау кезінде губканы жиі шайыңыз. Бітеп тегістеудің соңғы тазартуын жұмсақ поролон губканың көмегімен жасаңыз. Губканы мүмкіндігінше жиі шайыңыз.

ҚҰРАСТЫРУ ТАПАНШАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖАПСАРЛАРДЫ БІТЕП ТЕГІСТЕУ

1. Дайындалған ерітіндіні қалақшаның көмегімен кем дегенде 10-15 л бос контейнерге салыңыз. Жапсарларды бітеуге арналған қолмен істейтін құрастыру тапаншасын материалмен толтырыңыз.
2. Пластикалық ұшты бекіткеннен кейін, оның ұшын өңделетін жапсардың еніне сәйкес кесіңіз. Sika Tile-700 ерітіндісін жапсарға енгізіңіз.
3. Артық ерітіндіні резеңке үтіктегішпен немесе пластикалық қалақшамен алып тастаңыз, шамамен 15-30 минуттан кейін бетті жылы суға малынған қатты губкамен тазалаңыз. Тазалау кезінде губканы жиі шайыңыз. Бітеп тегістеудің соңғы тазартуын жұмсақ поролон губканың көмегімен жасаңыз. Губканы мүмкіндігінше жиі шайыңыз.

ҚАЛҒАН ҮЛДІРДІ ТАЗАЛАУДЫ ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН

(шамамен 15 минуттан кейін) жууға арналған жылы, таза суға лимон қышқылын қосыңыз (араластыру қатынасы 5 литр суға 50 грамм лимон қышқылы). Жапсарлардағы ерітінді қатып қалған кезде, SikaTile-700-дің қалдықтарын лимон қышқылы негізіндегі ерітіндімен жоюға болады; қатты ластануды тек PCI Spezial Reiniger Epoxy көмегімен жоюға болады.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Компоненттерді араластыру кезінде қауіпсіздік көзілдірігін қолданыңыз. Төріге тиген кезде негізгі компонент немесе жеке компоненттер тітіркену туындауы мүмкін, қатайтқыш сілтілі күйік тудыруы мүмкін. Сондықтан кез-келген жағдайда төріге тигізуден аулақ болу керек, мысалы, қорғаныс қолғаптарын киіп.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жұмыстарды жүргізу кезінде қорғаныс көзілдірігі мен қолғапты / бетке арналған бетпердені киіңіз.
- Негіздің температурасы +10°C-тан төмен болған кезде материалды қолданбаңыз.
- SikaTile-700 жапсарларын бітеу үшін оңтайлы

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ*

| | |
|---|------------------------------|
| SikaTile-700 A компоненті материалының құрылымы | Эпоксидті шайыр |
| SikaTile-700 B компоненті материалының құрылымы | Эпоксидті қатайтқыш |
| Сығымдау беріктігі | > 45 МПа |
| Майыстыру беріктігі | >30 МПа |
| Тіркесу (үзілу) беріктігі | >2.5 МПа |
| Су сіңіруі | <0,10 г (240 минуттан кейін) |
| Қолдану температурасы | +10°C бастап +25°C дейін |
| Құрғақ жағдайларда қолдану температурасы | -20°C +80°C |
| Ылғал ортада қолдану температурасы | -20°C +50°C |
| Өміршеңдігі | Шамамен 45 минут |
| Ашық қабат (түзету) уақыты | >20 минут |
| Жаяу жүргінші жүктемесі | 24 сағаттан кейін |
| Толық химиялық және механикалық жүктемесі | 7 күннен кейін |

температура +20°C құрайды.

- Суды толтырмас бұрын хауыздар мұқият тазалануы керек, қажет болған жағдайда дезинфекциялау құралымен өңделуі керек.
- Жүзу хауыздары, еден жабындары және тұрақты механикалық жүктемеге ұшырайтын басқа беттер үшін тегістеу қабаттын төсеу қажет. Шыны мозаиканы төсеу үшін негіз тегістелген болуы керек.
- Мозаикалық жабындыдағы жапсарларды бітеп тегістеу үшін тақта желімінің қалдықтарын ол қатып қалғанға дейін жапсарлардан алып тастау керек.
- Бетті тазарту үшін аз мөлшерде суды пайдаланыңыз.
- Мөлдір және әрең көрінетін және ылғалды болуы мүмкін материал мен жұқа қабаттың қалдықтарын кетіру үшін бетті мұқият тазалау ұсынылады. Содан кейін жұқа қабат пен желімнің қалдықтарын кетіру қиын болады.
- Құрамында қышқылдары бар тазартқыштарды қолданған кезде, бітелген жапсарлардың ішінара түсі өзгеруі мүмкін.
- SikaTile-700-ді сұйылту үшін PCI Special Reiniger Epoxy тазартқышын, спирт немесе басқа сұйықтықтарды ешқашан қоспаңыз.
- Жапсарларды бітеп тегістеу кезінде іргелес жапсарлар мен деформациялық жапсарларды бояу таспасымен қорғау керек.
- Керамика мен сылақ, бетон, кіріктірілген элементтер, су құбырлары арасындағы жапсарлар, сондай-ақ бұрыштық жапсарлар, буындар мен деформациялық жапсарлар серпімді тығыздағышпен бітеп тегістеледі
- SikaTile-700 құрамында пигменттер бар. Жылтыратылмаған тақталар жабындарындағы жапсарларды бітеп тегістеу кезінде жапсарларды сынамалық бітеп тегістеу ұсынылады (пигмент дақтарының пайда болуына арналған сынақ).
- Құрамында қышқылдары бар тазартқыш құралдарды қолданған кезде түс өзгеруі өте тез пайда болуы мүмкін.
- Егер PCI Special Reiniger Epoxy тазартқышы жабынды тазалауға арналған суға қосылса, бұл жабынды қайтадан таза сумен шаяу керек.
- Жууға арналған суды бөшкелерге құйыңыз және оны тұндырыңыз. Шөгінділер мен қатып қалған эпоксидті шайырды құрылыс қалдықтары ретінде қоқысқа тастауға болмайды.
- Қолданылған құралдарды жұмыстан кейін бірден сумен шайыңыз. Қатып қалған жағдайда тек механикалық түрде тазалауға болады.
- Негізгі компонент кристалданған жағдайда оны су моншасында (+50°C дейін) қыздырып, мұқият араластыру керек. Негізгі компонент бөлме температурасына дейін салқындағаннан кейін ғана қатайтқышпен араластырыңыз

| | |
|--|--|
| Қалау қалыңдығы | 2 мм-ден бастап |
| Бітеуге арналған жапсардың ені | 2-ден 10 мм-ге дейін |
| Шығыны | 1,7 кг/м*2 төсеу қалыңдығы 1 мм болғанда |
| Қапталуы: шелек | 5,2 кг |
| Қапталуы; шелек А компоненті (негізгі) | 5,0 кг |
| Қапталуы: шелек В компоненті (қатайтқыш) | 0,2 кг |
| Түсі | Сұр Ақ |

*Жоғарыда көрсетілген цифрлар тек қана басшылыққа алуға арналған және техникалық сипаттамалардың негізі ретінде пайдаланылмауы тиіс.

* +23°C температурасында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50% болған жағдайда. Жоғары температуралар жоғарыда аталған уақыт кезеңін азайтады, төмен температура - ұзартады.

ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАРДЫҢ ӘСЕРІНЕ ТӨЗІМДІЛІГІ

Сынақтың ұзақтығы +20°C температура кезінде 500 сағат

| Шоғырланамы (салмақтық %) | | | Шоғырланамы (салмақтық %) | | |
|---------------------------|--------------------------|-----|---------------------------|--------------------------|-----|
| Бейорганикалық қышқылдар | | | Натрий тиосульфаты | 20% дейін | + |
| Фосфор қышқылы | 50% дейін | + | Мырыш хлориді | 50% дейін | + |
| Азот қышқылы | 10% дейін | + | Қабаттық су | | + |
| Тұз қышқылы | Ерітіндінің соңына дейін | + | Натрий гипохлориді | ерітіндінің соңына дейін | + |
| Күкірт қышқылы | 70% дейін | + | Жанармай, майлар | | |
| | | | Этилденбеген бензин | | + |
| | | | Этилденген бензин | | + |
| | | | Дизел жанармайы | | + |
| | | | Био дизель жанармайы | | + |
| Органикалық қышқылдар | | | | | |
| Құмырсқа қышқылы | 1% дейін | (+) | Авиациялық жанармай | | + |
| Бор қышқылы | 10% дейін | + | Мотор майы | | + |
| Уксус қышқылы | 5% дейін | + | Жеңіл жанармай майы(EL) | | + |
| Уксус эссенциясы | 50% дейін | + | | | |
| Сүт қышқылы | 10% дейін | (+) | Ауыр жанармай майы | | + |
| Қымыздық қышқылы | 10% дейін | + | Парафин майы | | + |
| Шарап қышқылы | 25% дейін | + | Гидравликалық май | | + |
| Лимон қышқылы | 10% дейін | + | Силикон майы | | + |
| Сілтілер | | | | | |
| Нашатыр спирті | ерітіндінің соңына дейін | + | Терпентин майы | | + |
| Өшірілген әк | 20% дейін | + | Ас майы | | + |
| Хлорлы ағартқыш | ерітіндінің соңына дейін | + | Еріткіштер | | - |
| Өткір калий | 50% дейін | + | Ацетон | | |
| Каустикалық сода | 50% | + | Бутанол | | + |
| Тұздар | | | Этил спирті | | |
| Алюминий хлориді | 10% дейін | + | Изопропил спирті | | + |
| Алюминий сульфаты | 50% дейін | + | Петролей эфирі | | + |
| Аммоний хлориді | 10% дейін | + | Формальдегид Ксиллол | | + |
| Аммоний карбонаты | 50% дейін | + | | | |
| Аммоний сульфаты | 50% дейін | + | Этилацетат | 20% дейін | (+) |
| Барий хлориді | 40% дейін | + | Петролей эфирі | | (+) |
| Кальций хлориді | 40% дейін | + | Өзгелер | | |
| Кальций нитраты | 40% дейін | + | Бетон үшін агрессивті | | |
| Темір сульфаты | 15% дейін | + | Сулар | | + |
| Кальций карбонаты | 50% дейін | + | Сыра | | + |
| Калий перманганаты | 5% дейін | + | Кока-кола | | + |
| Ас тұзы | 5% дейін | + | Дибутилфталат | | + |
| Мыс сульфаты | 50% дейін | + | Глицерин | 33% дейін | + |
| Кальций нитраты | | | Сутегі асқын тотығы | | |
| Калий карбонаты | 20% дейін | + | Теңіз суы | | + |
| Тұздық | | + | | | |
| Сода | 50% дейін | + | | | |
| Натрий гидроксиді | ерітіндінің соңына дейін | + | | | |

Ескерту:

Техникалық сипаттамада ұсынылған барлық ақпарат шынайы, дәл болып табылатынына және мазмұнында тексерілген деректер мен барлық жинақталған тәжірибені үйлестіретініне қарамастан, компания материалды арналымы бойынша пайдаланбау үшін, техникалық ұсыныстарды беру үшін және өзіміздің өкілдеріміз бен дистрибьюторларымыздың әрекеттері үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.

Техникалық сипаттамада көрсетілген барлық деректер уақыт өткен сайын жаңартылып отырады, жаңартылған соңғы нұсқаны алу тұтынушының міндеті болып табылады.

Сика Централ Эйша ЖШС

050016, **Almaty**, Kazakhstan

100/5, Mamyr-4 dstr., 4th floor Raiymbek ave., 211A

Phone +7 (727) 39 000 39

Phone +7 (727) 222 12 83

E-mail: info@kz.sika.com

www.sika.kz

060021, **Atyrau**, Kazakhstan

Azattyk ave., 116A

Phone +7 (7122) 30 88 22

010000, **Astana**, Kazakhstan

Beisekbayeva street, 24/1

Phone +7 (7172) 69 51 84

Sika Tile-700

Өнімнің техникалық сипаттамасы

Ақпан 2024

INTERNAL

BUILDING TRUST

